

Қасымқан Қ. 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: qqasymhan@gmail.com

ФИЛОСОФИЯ МЕН СОПЫЛЫҚТАҒЫ КЕМЕЛДІК: ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ОРТАҚ МОТИВТЕР МЕН КЕМЕЛ АДАМ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Аңдатпа. Мақалада философиялық және сопылық ілімдердегі кемелдік феномені, оның типологиялық ерекшеліктері мен ортақ мотивтері қарастырылады. Зерттеудің жаңалығы – адам болмысы мен рухани дамуы туралы философиялық және мистикалық дәстүрлердегі «кемел адам» тұжырымдамасын салыстыра отырып талдау. Мақаланың мақсаты – классикалық ислам сопылығы мен әлемдік философиялық мектептердегі кемелдік ұғымының тарихи-рухани сабақтастығын, айырмашылықтары мен үндестігін айқындау. Зерттеудің міндеттері ретінде «Кемел адам» тұжырымдамасының философиялық және сопылық дәстүрлердегі типологиялық ерекшеліктері мен ортақ мотивтерін зерделей отырып, бұл ұғымның тарихи даму үрдісін және қазіргі заманғы рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесіндегі орнын айқындауды айта аламыз. Мақала рухани тәжірибе, өзін-өзі тану, этикалық мінсіздік және болмыстық жетілу сияқты категориялар негізінде сопылықтағы «инсан камил» концепциясы мен философиялық антропологиядағы идеалды адам моделін салыстырады. Зерттеу барысында мазмұндық-типологиялық, герменевтикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде, мақалада сопылық пен философиядағы кемел адам идеясының жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы маңызы мен философиялық тереңдігі ашып көрсетілді.

Кілт сөздер: Кемел адам, инсан камил, сопылық, философия, идеал, типология

Кіріспе

Адам баласы жаратылысынан бастап өзін-өзі тану, рухани кемелдену және болмыс пен жаратушыға қатысты түпкі сұрақтарға жауап іздеу сынды ізденістермен айналысып келеді. Бұл ізденістер адамзат өркениетінің дамуында айрықша маңызға ие философиялық және сопылық дәстүрлердің қалыптасуына негіз болды. Осы рухани-танымдық жүйелерде адамның зияткерлік және рухани болмысын жетілдіруге бағытталған «кемел адам» тұжырымдамасы ерекше орын алады. Философиялық көзқараста кемелдікке жету — ақыл, білім және этикалық ұстанымдар арқылы жүзеге асса, сопылық ілімде бұл — жүрек тазалығы, рухани тәжірибе және Алламен ішкі байланыс негізінде сипатталады. Екі бағыттың да түпкі мақсаты — адамды өз болмысының терең мәніне жеткізу, оның жаратушы мен жаратылыс алдындағы орнын ұғындыру. Осы мақалада философия мен сопылықтағы кемелдік ұғымы типологиялық тұрғыдан салыстырылып, олардың ортақ мотивтері мен өзіндік ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, «кемел адам» бейнесі екі ілімнің іргелі ұстанымдары аясында сараланып, олардың адамзаттың рухани дамуына қосқан үлесі айқындалады.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Мақалада кемелдік пен «кемел адам» тұжырымдамаларын жан-жақты қарастыру мақсатында жүйелеу, сипаттау, салыстыру, тарихи шолу әдістерімен қатар, талдау, саралау және бағалау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында тақырыптың теориялық және практикалық негіздерін ашу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне

сүйенілді. Бұл әдістер ұғымдардың мазмұнын, мәнін, ерекшеліктерін ашып көрсетуге және пәлсапалық пен сопылық тұрғыдағы тұжырымдарды типологиялық тұрғыдан салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың негізгі зерттеу нысаны ретінде адам болмысы мен руханиятына қатысты дәстүрлі ислам философиясы мен сопылық ілімдердегі «кемелдік» ұғымы мен «кемел адам» тұжырымдамасы қарастырылды. Зерттеу барысында аталған тақырып түрлі мәдени-философиялық жүйелер аясында теориялық әрі типологиялық тұрғыдан салыстырмалы әдіспен қарастырылды. Әсіресе, «әл-Инсан әл-Кәмил» концепциясының пәлсапалық және философиялық негіздері жүйеленіп, мазмұндық құрылымына талдау жасалды.

Зерттеу тікелей философиялық мәтіндер мен классикалық шығармаларға негізделгендіктен, мақалада мәтіндік талдау, герменевтикалық сараптау, философиялық жүйелеу мен салыстыру әдістері қолданылды. Осы әдістер арқылы адамның рухани кемелдікке жету жолындағы тұжырымдар пәлсапалық және дүниетанымдық жүйелер арқылы сараланды.

Ғылыми жұмыста дереккөз ретінде әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Ғазали, Ибн Араби сынды мұсылман ойшылдарының шығармалары мен идеяларына, сондай-ақ McElroy, X. Наср, Букурова, Дүйсен, Зиёмухаммадов, Беруний, Қажыбай сынды ғалымдардың еңбектері талдау нысаны ретінде алынды.

Отандық және шетелдік зерттеушілер арасында аталған тақырыпты философиялық және дінтанулық тұрғыда зерделеген бірқатар еңбектер жарық көрген. Мысалы, X. Насрдың ислам метафизикасындағы кемел адам туралы еңбектері, сондай-ақ С. Хусейн Насрдың «Knowledge and the Sacred» атты шығармасы, А. Шимельдің сопылықтағы рухани кемелдік мәселесін талдаған зерттеулері осы тақырыпты жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ топырағында жазылған А. Қажыбайдың «Кемел адам» ұғымына арналған еңбектері мен Қ. Дүйсеннің адам болмысы және рухани жетілу туралы зерттеулері де қарастырылды.

Сонымен қатар, сопылық поэзия, рухани-этикалық трактаттар мен заманауи ислам философиясына қатысты еңбектерде кемелдік түсінігінің көрініс табуы зерттеу материалы ретінде қамтылды. Бұл еңбектер «кемел адам» ұғымының тарихи эволюциясын, типологиялық ерекшеліктерін, мәдени және діни контекстердегі трансформацияларын ашуға негіз болды.

Жалпы алғанда, мақалада қолданылған әдіс-тәсілдер мен ғылыми әдебиеттер кешені «кемел адам» тұжырымдамасын пәлсапалық және сопылық негізде жүйелі талдауға, оның теориялық мәні мен қазіргі қоғамдағы өзектілігін ашуға мүмкіндік берді.

Талқылау

«Кемел адам» тұжырымдамасы адам болмысы мен руханиятына қатысты философиялық және сопылық ой-таным жүйесінде маңызды зерттеу нысанына айналған. Бұл мәселеге қатысты зерттеулерді бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Философиялық бағыттағы зерттеулерде, «кемел адам» идеясы антикалық философиядан бастау алатыны белгілі. Бұл ретте Платон мен Аристотель еңбектеріндегі «ақылды», «әділетті», «ізгілікті» адам бейнесі кейінгі философиялық дәстүрлерге негіз болды. Бұл идеялар И. Кант, Ф. Шеллинг, Г. В. Ф. Гегель секілді неміс классикалық философия өкілдері еңбектерінде жалғасын тапты. Сонымен қатар XX ғасырда А. Маслоу өзінің «Self-actualization» теориясы арқылы тұлғаның кемелдену идеясын психологиялық-философиялық деңгейде қарастырды.

Қазіргі философиялық зерттеулерде кемел адам мәселесін А. Н. Уайтхедтің (Whitehead, A.N.) процесстік философиясы мен Х.Г. Гадамердің (Gadamer, H.G.) герменевтикалық антропологиясы аясында қарастыру үрдісі байқалады.

Ислам философиясы мен сопылық бағыттағы еңбектерде бұл ұғым кеңінен дамыған. Ортағасырлық мұсылман ойшылдары әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Ғазали шығармаларында адам жаратылысының мәні мен оның кемелдікке жету жолдары терең зерделенген. Әсіресе,

сопылық ілімде бұл мәселе «инсан-ул-камил» ұғымы арқылы бейнеленіп, Ж. Руми, Ибн Араби, Ахмед Йүгнеки, Хожа Ахмет Ясауи шығармаларында рухани кемелденудің түрлі сатылары сипатталған.

Кемел адам мәселесін қазақ руханияты мен әдеби-философиялық мұрасында да арнайы зерттеу нысанына айналдырған бірқатар отандық ғалымдар бар. Бұл қатарда ең алдымен М. Әуезовтің Абай мұрасына қатысты зерттеулерін атауға болады. Ғалым Абайдың «толық адам» идеясын «моральдық тұлға», «үйлесімді тұлға» ұғымдарымен байланыстыра қарастырады. М. Мырзахметұлының «Абай және исламият» (1982) еңбегінде Абайдың мораль философиясы мен сопылық ілімге қатысы алғаш рет ғылыми тұрғыдан жүйеленіп көрсетілген. Сонымен қатар Ш. Ш. Насыров, А. Қасабек, Д. Кенжетаев, С. Сатыбалды, Қ. Мухамбетқалиұлы сынды зерттеушілер еңбектерінде де Абай іліміндегі толық адам ұғымы философиялық-сопылық сабақтастықта зерделенеді.

Сондай-ақ заманауи зерттеулер қатарында Б. Сатершинов, А. Нысанбаев, С. Торайғыров, Г. Есім, Т. Хабиб, С. Майғараев сынды ғалымдардың еңбектерінде де «кемел адам» мәселесі ұлттық руханият пен ислам философиясы аясында қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері

Ежелгі антикалық философия Ежелгі Грекия полистерінде демократиялық бағытта қалыптасып, өзінің мазмұны мен әдістері бойынша Ежелгі Шығыс философиясынан, сондай-ақ Гомер мен Гесиод шығармаларындағы әлемнің мифологиялық түсіндірулерінен айтарлықтай ерекшеленді. Алғашқы грек философиясы мифологиямен тығыз байланыста болды, бірақ ол бірден әлемді шексіз ғарыш ретінде ұғынуға және оның табиғаты туралы сұрақтарды қарастыруға талпынды. Бұл кезеңде кемелдік туралы алғашқы ойлар да көрініс тапты. Платонның идеялар теориясына сәйкес, кемелдік – идеялар әлемінде мәңгілік бар шынайы және мінсіз болмысты танумен байланысты. Ол адамдардың жер бетіндегі өмірін сол идеялар әлеміне ұмтылу жолы деп түсіндірді. Платонның пікірінше, кемелдік идеалдар әлеміндегі мәңгілік және өзгермейтін формаларды тану мен соларға сәйкес өмір сүрумен байланысты болды. Аристотель бұл ұғымды практикалық тұрғыда қарастырып, адамның ең биік мақсаты – бақыт (Eudaimonia) деп анықтады. Грек тіліндегі «евдаймон» термині «Құтты рух» деп аударылғанымен, Аристотель бұл терминді тек рухани мағынада ғана емес, сонымен бірге бақыт немесе гүлдену жағдайы ретінде түсіндіреді. Оның пікірінше, эвдаймония – бұл жақсы өмір сүрудің, яғни адамның өмірінің ең жоғарғы игілігі мен толыққанды күйінің көрсеткіші. Аристотель эвдаймонияны тек физикалық денсаулықпен шектемей, оны адамның белсенді өмір салтымен, әлеуметтік қарым-қатынастарымен, қаржылық тұрақтылығымен және өз өмірін бақылауымен тығыз байланыстырған. Бұл ұғым үйлесімді түрде жұмыс істейтін көптеген ерекше қасиеттердің бірлігінен тұратын кешенді тұжырымдама ретінде қарастырылды. Бақытқа жету үшін адам өзінің табиғи әлеуетін толық жүзеге асырып, ақыл мен ізгілікті үйлестіруі керек деп қарастырды. (McElroy, 2021:2014–2017). Яғни, бақытқа жету үшін адам өзінің табиғи әлеуетін толық жүзеге асырып, ақыл мен ізгілікті үйлестіруі керек деп қарастырады.

Антикалық философияның кезеңдері мен ерекшеліктері.

Ерте кезең (б.з.д. VI—V ғғ.). Бұл кезеңде натурфилософия басым болып, философтар әлемнің бастапқы бастауын іздеумен айналысты. Милет мектебі (Фалес, Анаксимандр, Анаксимен) әлемнің материалдық негіздерін анықтауға тырысты. Фалес суды негізгі бастау деп есептесе, Анаксимандр «апейронды» (шексіз, белгісіз бастау) ұсынды. Осы философтар табиғатты диалектикалық тұрғыдан түсінуге және оның үздіксіз өзгерістерін тануға талпынды.

Классикалық кезең (б.з.д. V—IV ғғ.). Бұл кезеңде адам мен қоғам мәселелеріне ерекше назар аударылды. Софисттер философияға релятивизмді енгізіп, Сократ адамгершілік пен этиканы негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырды. Платон мен Аристотель философияны

жүйелеу, онтология, гносеология және этика салаларын дамыту бағытында елеулі еңбектер көрсеткен. Платон идеялар әлемі туралы ілімін ұсына отырып, Аристотель «алғашқы бастамалар мен себептер» туралы ғылым ретінде философияны анықтады. Бұл кезең Протогор, Сократ, Платон, әрі әсіресе Аристотель қызметімен ерекшеленеді.

Эллинистік кезең (б.з.д. IV ғ. соңы — II ғ.). Бұл кезеңде практикалық философия мен этика басты орынға шықты. Стоиктер (Сенека, Эпиктет), эпикурейшілдер (Эпикур) және скептиктер (Секст Эмпирик) адамның ішкі еркіндігі мен бақытқа жету жолдарын зерттеді. Эллинистік философия морализаторлық сипатқа ие болды.

Римдік және неоплатонизм кезеңі (б.з.д. I ғ. — б.з. VI ғ.). Рим философиясы грек дәстүрлерінің ықпалында қалыптасты. Бұл кезеңде неоплатонизм (Плотин, Прокл) христиандық философияның негізін қалауда маңызды рөл атқарды. Платонның идеяларымен үйлескен бұл ілім ортағасырлық теологияның дамуына зор әсер етті (Whitehead, 1979).

Антикалық философияның маңызы. Ежелгі философия- Әлемнің материалдық негізін, болысым пен ойлаудың арақатынасын зерттеудің негізін қалады. Ол ғылым, этика және саясат салаларында жүйелі ойлау дәстүрін қалыптастырып, кейінгі философиялық ағымдарға іргетас болды. Демек бүгінгі философия туралы ғылыми еңбектер оның батыс философиясының іргетасын қалағанын және бүкіл кейінгі философиялық дәстүрдің дамуына әсер еткенін көрсетеді. Whitehead тің пікірінше, «Еуропалық философиялық дәстүрдің ең берік жалпы қағидасы –Ол Платоннан алынған бірқатар ескертулерден тұрады» (Whitehead, 1979). дейді. Демек Платонның білімге деген көзқарасы философия тарихында маңызды орын алады. Сондай – ақ Антикалық дәуірі философиялық ойдың құрылымдауынан бастап, оның логика, метафизика, этика, саясат және эстетика сияқты салаларға бөлінуіне дейінгі кезеңді қамтумен қатар натуралистік (физис және космос мәселелері), гуманистік (адам табиғатын зерттеу), синтетикалық (Платон мен Аристотельдің идеялары), және діни (неоплатонизм) кезеңдерді де қамтыды. Бұл бағыттар табиғат заңдылықтарын, адамның орны мен мақсатын, этикалық қағидаларды, және діни-метафизикалық идеяларды зерттеу арқылы қазіргі ғылым мен мәдениеттің негізін қалады. XVIII ғасырда өмір сүрген немістің аса көрнекті философы Иммануил Кант: «Аристотельден соң осы уақытқа дейін логикаға еш жаңалық енгізілген жоқ»– деп атап көрсетеді. Демек Ежелгі философия адамгершіліктің, моральдың айрықша теориялық ұстанымы ретінде – кемелдік теориясының ұсынылғанын атап көрсеткіміз келеді. Адамшылықтың осы бір мәнді тұжырымдамасы кейінгі дәуірлерде өте танымал болды. Бұл ілімді көптеген философтар кеңінен пайдаланды. Солардың бірі – орта ғасырлардағы христиан ой-дүниесінің аса көрнекті өкілі, схоластикалық философияның биік шыңы саналған Акуинолық Томас Аристотель ілімінің негізінде өзінің мораль философиясын қалыптастыра алды. Әсіресе антикалық философия – адамзаттың ойлау тарихында ерекше орын алатын кезең. Ол рационалды ойлаудың негізін қалап, ғылымның түрлі салаларына бағыт берді. Бұл философия табиғат құбылыстарын түсіндіру, қоғам мен адамның орнын анықтау, моральдық құндылықтарды айқындау арқылы қазіргі ғылыми және мәдениет жүйелерінің іргетасын қалаған. Сондай – ақ антикалық дәуірде философия салалы ғылым ретінде Сократ моральдық философияға негіз қаласа, (Фалес, Анаксимандр, Анаксимен) Натурфилософтар дүниенің бастапқы бастамаларын табиғатпен біртұтас қарап, үстірт пайымдау арқылы түсіндіру ілімін зерттеді хәм Платонның «идеялар теориясы» және Аристотельдің «себептер теориясы» ғылым мен метафизиканың дамуына жол ашты. Демек антикалық философия – тек өткеннің мұрасы ғана емес, қазіргі заманның да құндылығы. Оның идеялары ғылымның, мәдениеттің және қоғамның дамуындағы қозғаушы күш болып табылады. Платон мен Аристотельден бастау алған философиялық дәстүр адамзатқа жаңа ойлау жүйелерін ұсынды. Сондай-ақ антикалық философия кемелдік ұғымын адам болмысының ең биік сатысы ретінде қарастырылады. Платонның «Республика» және «Федон» еңбектерінде кемелдік идеясы идеалды әлеммен байланыстырылған. Платонның пікірінше, кемелдік- бұл идеалдар әлемінде мәңгілік және өзгермейтін формаларды тану

және соларға сәйкес өмір сүру. Оның философиясында кемелдік адамның интеллектуалдық және моральдық жетістіктерімен байланысты болады. Сонымен қатар, ол кемелдікке жету үшін адамдардың өзара үйлесімділікке жетуі керек деп санайды. Аристотельдің «Никомахтық этика» шығармасында кемелдік адамның табиғи қабілеттерін толық іске асырумен байланысты қарастырылады. Аристотель кемелдікті моральдық ізгіліктермен байланыстырған. Ол адамды екі маңызды жолмен жетілдіруге болады деп тұжырымдаған: ақыл-ой мен эмоцияларды басқару. Аристотель бойынша, адамды кемелдікке жеткізетін ең басты қасиет — оның ізгілікті өмір сүруі, яғни өзінің моральдық қасиеттерін жетілдіру. Бұл ұғым Аристотельдің эвдемония теориясына негізделген, мұнда бақытқа жетудің басты шарты — адам өзінің ішкі ізгіліктерін толық жүзеге асыру деп қарайды.

Философия тарихында адам мәселесі – мәңгілік әрі өзекті тақырыптардың бірі. Адам болмысы, оның мәні, моральдық және рухани келбеті туралы ойлар философиялық ізденістің негізгі нысандарының бірі ретінде қалыптасып, антикалық кезеңнен қазіргі заманға дейін үздіксіз қарастырылып келеді. Бұл тұрғыда «идеал адам» немесе «кемел адам» концепциясы – философиялық антропология, этика және аксиология салаларында маңызды идея ретінде ерекше орын алады. Аталған концепция – адам болмысының ең жоғары формасын, рухани және моральдық жағынан жетілген тұлғаны сипаттайтын ілім.

1. Антикалық дәуірдегі идеал адам бейнесі. Ежелгі Грекия философиясында идеал адам бейнесі ең алдымен Сократ, Платон және Аристотель еңбектерінде көрініс тапты. Сократ үшін идеал адам – бұл өзінің жан дүниесін тазартып, ақиқатты іздеуге бағытталған адам. Ол білімділік пен моральдық кемелдікті бір-бірінен ажыратпайды. Платон идеал адамды «данагөй басшы» ретінде сипаттайды. Оның «Мемлекет» диалогында мінсіз қоғамды басқаруға қабілетті адам – рухани-танымдық дамудың жоғары сатысындағы философ болуға тиіс. Аристотель «Никомахтық этика» еңбегінде идеал адамды «эвдаймония» (бақыт, кемелдік) ұғымымен байланыстырып, мұндай адам өз қабілеттерін іс жүзінде жүзеге асырып, ізгілікті өмір сүру арқылы өзін жетілдіреді.

2. Ортағасыр және ислам философиясындағы кемел адам. Ортағасырлық христиан және ислам философтарында идеал адам түсінігі діни-рухани өлшемдермен байытылды.

Христиан философиясында Августин Аврелий мен Фома Аквинский идеал адамды Құдайға ұмтылған, күнәдан арылып, моральдық тазалыққа жеткен жан ретінде қарастырды.

Ислам философиясында әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Ғазали және Ибн Рушд идеал адам концепциясын ақыл, иман және әрекет бірлігінде сипаттайды. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактатында идеал адам – ақыл мен әділеттілікке негізделген қоғамды басқаратын философ-билеуші. Бұл идея Платон философиясымен үндес.

Сопылық дәстүрде кемел адам образы «инсан әл-камил» ұғымы арқылы түсіндіріледі. Ибн Араби бұл тұжырымды жан-жақты дамытып, кемел адам – Алла Тағаланың сипаттарын өз бойында кемеліне жеткізе сіңірген рухани тұлға деген пікірді ұсынады.

3. Қайта өрлеу мен жаңа дәуір философиясы. Қайта өрлеу дәуірінде адам бейнесіне деген көзқарас антропоцентризмге бет бұрды. Пико делла Мирандола өзінің «Адам қадірі туралы сөзінде» адамға шексіз даму мүмкіндігін беріп, оның өзін-өзі қалыптастыру қабілетін негіздеді.

И. Кант «Практикалық ақыл сыны» еңбегінде идеал адамды «мораль заңын өз бойында көтеруші автономды тұлға» ретінде түсіндіреді. Кант үшін адам кемелдігі – адамгершілік заңға сәйкес әрекет ете алуында.

4. Қазіргі философиялық тұрғыдағы көзқарастар. XX ғасыр философиясында идеал адам мәселесі экзистенциализм, гуманизм және феноменология аясында қайта қаралды.

Жан-Поль Сартр пен Мартин Хайдеггер адамды өзін-өзі құрастыратын жаратылыс ретінде сипаттап, кемелдік ұғымын өмірлік тандаулармен байланыстырды.

А. Маслоу идеалды адамды «өзін-өзі жүзеге асырушы тұлға» ретінде сипаттайды. Бұл адам – өмірлік миссиясын тапқан, шығармашылық әлеуетін толық іске асырған, ішкі

үйлесімге жеткен жан. Жалпы Маслоудың идеал адам туралы түсінігі ғалымның тікелей айтуынан туындамағанымен, оның жариялап кеткен қажеттіліктер пирамидасы бойынша анықталды. Ал ол бойынша, адам өзінің нәпсілік, физикалық қажеттіліктерін өтеген соң ғана жоғары дәрежелі істерге, ұлы әрекеттерге бара алады. Ал ондай әрекеттерге көшкен адамды барлық қажеттіліктерін өтеген, яғни кемелденген деп сипаттауға толық негіз бар.

А.Маслоу «гуманистік психология», «үшінші күш», «үшінші психология» деп анықтайтын практикалық психология негізінде құндылықтар теориясының негізгі принциптерін тұжырымдады. Ол жалпы психологияның мазмұндық аспектілерін жаңартты, оның пікірінше, ол «адам табиғатының тереңдігі мен биіктігін» қамтуы керек. Яғни, «үшінші» психология адамдағы адамды, оның жоғары, маңызды, нақты адамдық көріністерін зерттеуге бағытталған. Ол (бихевиоризм мен психоанализден айырмашылығы) өзінің зерттеу саласына психологиялық сау тұлғаларды қосу арқылы адам табиғаты туралы түсінігін тереңдетеді. Бұл жерде оның жаңашыл көзқарасы пайда болады. Оның анықтамасы бойынша, жаңа психологияның маңызды сипаттамаларының бірі – «адамның «жоғары табиғатын» көрсету», ол психологиялық сау адамдар арқылы көбірек мүмкін болады. Осылайша, А.Маслоу классикалық психологияның пәндік өрісін, оның ішінде адам және оның ішкі әлемі туралы философиялық, тұтас идеяларды кеңейтеді.

Психологияға сүйене отырып және өз тәжірибесінде «құндылықтарды жоғалту» синдромына тап бола отырып, зерттеуші құндылықтардың табиғатын анықтауға жаңа көзқарас жасайды. Заманауи мәдениет пен өркениеттің бастан кешкен дағдарысы туралы ой елегінен өткізе отырып, ол былай деп жазады: «Мен жеке тұлғадан тыс құндылықтардың орасан зор жойылып жатқанына толық сенімдімін... Ал ішке, құндылықтардың иесі ретінде өзіне оралудан басқа жол жоқ». А.Маслоу көзқарасы бойынша, адамның өзіндік болмысын іздеу мәні бойынша өзінің, ішкі, шынайы құндылықтарын іздеуді білдіреді. Мұндай ізденіс адамның шынайы мәнді болмысын, яғни өзін-өзі іздеуде өз ішіне үңілу арқылы болуы мүмкін. Ол «менді» адамның табиғи бейімділік, құмарлық және ішкі сенім түрінде көрінетін ішкі «өзегі» деп анықтайды. Өзіңздегі осы «өзекті» табу, мәні бойынша, өзіңіздің шынайы болмысыңызға келу, яғни ішкі «дауыс импульстарын» есту және шынайы тілектерін жүзеге асыру мүмкіндігін алуды білдіреді. Адамның ішкі табиғаты тек түрлік сипаттармен ғана емес, сонымен қатар дамуды қажет ететін қайталанбас даралықтармен де сипатталады. «Ядроның» әлсіздігіне және оның басылуына қарамастан, ол өзінің ішкі динамикалық күшіне ие бола отырып, адамда өзін көрсетуге қабілетті. Бірақ сонымен бірге бұл ішінара адамның өзі де жаратылған. Сайып келгенде, ол барлық адамдар ұмтылатын ең жоғары қажеттілікті, абсолютті құндылықты, мақсатты анықтап, былай деп жазады: «Әртүрлі авторлар оны әртүрлі атаулармен атайды: өзін-өзі актуализациялау, өзін-өзі жүзеге асыру, интеграциялау, психологиялық денсаулық, индивидуация, автономия, шығармашылық, өнімділік. Бірақ олардың барлығы бір нәрседе келіседі - бұл адамның толық іске асырылуының нәтижесі».

А.Маслоу өзін-өзі жүзеге асыру тұжырымдамасын «өсу қажеттілігі» дегенді білдіреді. Ол адамның ішкі болмысының барған сайын толық өмір сүруге бейімділік ретінде көрінетін өзіндік динамикалық күші бар екенін көрсетеді. Бұл күш мейірімділік, батылдық, сүйіспеншілік және т.б. сияқты Б-құндылықтарға қарай қозғалыста көрінеді. Бұл ең жоғары, түпкілікті құндылықтар бір-бірін жоққа шығармайды (Букурова, 2021: 99).

Қазіргі философиялық-этикалық әдебиеттерде (мысалы, МакИнтайр, Тейлор, Марта Нуссбаум, Чарльз Тейлор еңбектері) идеал адам образы мәдениетаралық, тарихи және әлеуметтік контекстерде қайта қаралуда.

Идеал адам – философиядағы тұрақты әрі күрделі ұғымдардың бірі. Ол адам табиғатының мәнін, оның жетілу мүмкіндігін және рухани-этикалық биігін айқындайды. Философиялық дәстүрлерде идеал адам әр дәуірдің дүниетанымына сай түрлі формада бейнеленгенімен, оның түпкі мәні – адам бойындағы ізгілік, ақыл-парасат және рухани

кемелдік ұмтылысы. Бұл ұғым бүгінгі таңда да гуманистік құндылықтардың іргетасы ретінде өзектілігін жоғалтпауда.

Ислам философиясындағы кемелдік. Антикалық жаратылыстанулық ғылымның моральдық философиясы мен Натурфилософиясын мұра ете отырып Пәлсападағы өзіндік сара жолын сала білген, орта ғасырдағы ислам дінін биік шыңына шығарған, ғылым мен білімді мұсылмандық үлгіде ұстанып, гүлдендірген дәуірдің айнасы бола білген түркі араб, және парсы ғалымдарының өз тілдеріне аударып, мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан насихаттаған еңбектерінен бөле қарауға болмас.

Адам атадан бастау алған адамгершілік ұғымы, ойлау, тану және пікір жүргізу әр дәуірде әр қауымның ортасында өзінің өміршеңдігін жойған емес. Антикалық дәуірдегі Платон, Аристотель сынды философтарда өздерінің еңбектерін өздерінен бұрынғы Алланың елшілері мен Пайғамбарларының ізімен ізгілікті жол еткен ұлы ойшылдардың сара жолымен сабақтастыра білді. Осы үрдіспен жалғасын тапқан Ислам философиясы да Құран мен Сүннет арқылы Алла, әлем, адам жаратылыс және рух, нәпсі тақырыптарында сөз қозғап ой жүгіртуге шақырған ислам дінінде де білім, ілімге қатысты шектеулер болмады керісінше «Оқы» деген алғашқы аятпен басталған ислам діні білім мен ғылым жолына қолдау беріп ерекше дем берді. Сондай-ақ мешіт, медресе сынды білім ошақтары мен ғылыми орталықтар, университеттердің көптеп ашылуы соның айғағы. Соның арқасында мұсылман зиялылары антиктік ғылымды түбегейлі жетілдіріп ерекше үлгіде дамыта білді. Міне осылай ислам-мұсылмандық философиясы өркениет көшінде өзіндік із салды. Бұл тұралы Н.Б. Дүйсен, Ғ. Есім қатарлы ағаларымыздың «Фәлсафа — мұсылман мәдениетінің туындысы» тақырыптағы «Фәлсафа өз кезегінде араб-мұсылман ойлау жүйесінің ірі өкілі әл-Киндиден бастап, әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Ғазали, Ибн Рушд т.б., сонымен қатар еуропалық ғалым Б. Расселдің еңбектері де қарқынды зерттелді. Қала берді отандық ғылымда фәлсафа турасында іргелі ізденісте жүрген Ғ. Есім мен Б. Айнабеков сынды ғалымдардың зерттеу жұмыстары да мақалаға арқау болды», - деп атап көрсетті (Дүйсен, 2023:250).

Жоғарыдағы ақпараттарды қарастыра отырып, философтардың түсінігіндегі кемелдік ұғымы, көп жағдайда, қаржылық жағдайларға негізделместен, адамның еркіндігі мен әсер ету диапазонына қатысты қолданылғанын көреміз. Бұл нағыз кемелдік еркіндікке, бостандыққа негізделгенін айғақтайды. Алайда сол еркіндік халіне жету үшін негізгі тұрмыстық жағдайлардың, қарым-қатынас түрлерінде көрінетін мәселелер желісін шешу маңызды фактор саналады.

Ислам философиясының алғашқы негізін қалаушылардың бірі Әбу Юсуф Якуб ибн Исхақ әл-Кинди. Ол ислам пәлсапасында кемелділік туралы жан-жақты қарастырған алғашқы философ. Кинди Жаратушының кемелдігі мен Жаратылыстың (Адам) кемелдігі арасында байланыс орнатып һәм бұл кемелдіктің адамда қалай көрінетінін қарастырады. Ал ежелгі түріктердің ойлау жүйесі мен сенім түсініктеріне назар аударар болсақ, олардағы мифтер мен дастандар философиялық мазмұнға бай болып келеді. Бұл құбылыс әсіресе Алтай-Саян, Якут эпостарынан, сондай-ақ Оғыз және Манас эпостарынан айқын байқалады. Демек шығыс пәлсапасында, соның ішінде ислам пәлсапасында бұл ұғым одан әрі тереңдей түсті. Фарабиден тартып Заһириддин Байхақи, Мұхаммед Наршахи, сынды ойшылдар белсенділік танытты. Олар «кемел адам» — тек ақылды ғана емес, сонымен қатар адамгершілік пен парасатты үйлестірген тұлға екенін айтты.

IX ғасырдан бастап мұсылман әлемінде адамның кемелденуіне, кемелдікке жетуге байланысты кітаптар жазыла бастады. Бұл саладағы мұсылман сопы ғалымдары «кемел адам» жөніндегі көзқарастарын әлеуметтік-пәлсапалық және ғылыми еңбектерінің ішінде немесе жеке мұсылмандық моральды қамтитын кітаптарында баяндаған. Бұл дәуірде адам проблемасы руханият саласындағы негізгі проблемаға айналған еді. Сондықтан да, олар адам кемелдігі мәселелеріне үлкен назар аударған.

Танымдық трактаттарда негізінен моральдық теориялық және практикалық проблемалар талданған. Фараби, Ибн Сина, Жүсіп Хас Хажиб, Ахмед Жүгнеки, Туси, Диуани, Кашифи, Қайқаус, Сағди, Жәми, Науаилердің «Қайырымды қала тұрғындары», «Бақтқа жету жөнінде», «Ахлақ жөнінде рисала», «Ишқ риасаласи», «Құтағду білік», «Ахлақи Насари», «Ахлақи Жәләли», «Ахлақи Мухсини», «Һибат әл-Хақайқ», «Қабуснама», «Гүлістан», «Бостан», «Махбуб әл-қулуб» сияқты адам кемелдігіне қатысты еңбектері адамның тұлғасын, руханиятын қалыптастыру мен кемелдендіру проблемаларын шешуде негізгі дереккөздер ретінде зор маңызға ие (Зиёмухаммадов Б., 2006:194).

Орта ғасырлық атақты пәлсапа ғалымы Әбу Наср әл-Фараби кемелдіктің негізгі өлшемін, қоғам талабына жауап бере алатын және қоғам үшін қызмет ететін «кемел адамның» негізгі сипаттарын тізіп шыққан. Оның пікірінше, жер бетінде адам ғана білу қабілетіне ие. Ақиқатты тану адамның табиғи дамуының бір көрінісі дейді. Адамға екі қасиет біткен. Біріншісі, табиғаттан берілген қасиеттер. Екіншісі, оның өз қалауы мен таңдауымен тәлім-тәрбие арқылы келетін қасиеттер. Таным – тәрбиеленушінің қалау мен таңдауын керекті бағытқа қарай бұра алу өнері дейді. Бақытқа пайдалы білімді жинап қол жеткізуге болады. Жан рахатының жоғары шоққысы – білім алу. Білімі жетерлік адам ғана өз мақсатын дұрыс тани алады. Ақиқат пен жақсылық үндес. Білім алу арқылы адам ақиқатты таныса, рухани бай әдепті кісі жақсылықты тани алады, оны орындай да алады дейді (Зиёмухаммадов Б., 2006:195).

Әбу Райхан Беруни барлық жағымсыз қасиеттердің себебі білімсіздік деп білген. Ал білімді үйрену үшін білімге ұмтылу, қызығу мен әлеуметтік ортаның өз орны бар екенін айтады. Адам кемелдігінде еңбектің маңызы жөнінде пікірлерін білдіреді. Кісінің кемелденуі үшін үш нәрсе маңызды рөл ойнайды: білім үйренуге қызығу (ирсият), әлеуметтік жағдай мен дұрыс тәлім-тәрбие дейді (Беруний, 1968:151).

Ибн Сина адамның дамуында оны қоршаған әлеуметтік орта ерекше рөл ойнайтынын, сол орта адамның әлемді тануына ғана емес, мінезінде жақсы не жаман тұстардың қалыптасуына да әсер ететінін, сондықтан да, балаларды тәрбиелеуде сақ болуды, оларды жаман ортадан аулақ сақтаудың маңыздылығын айтады. Адам кемелдігінде ақли, ақлақи тәрбиемен бірге физикалық тәрбиенің де маңыздылығын теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да дәлелдейді. Ол «кемел адамның» сипаттарын атағанда ақли, ахлақи, эстетик, физикалық жақтарды дамытуға үлкен назар аудартады. Өз сөзінде: «Ей, бауырларым! Адамның батыры проблемадан қорықпайды. Кемелдікке ұмтылудан бас тартқан кісі адамның ең қорқағы», - дейді (Ибн Сино, 1963:15).

Шығыс поэзиясының ірі өкілі Омар Хаямның пікірінше «сау пікір, зерек ақыл мен өткір зейін адамды кемел етіп қалыптастырады (Хайям, 1961:113).

Сопылықта кемелдік ұғымы «әл-Инсан әл-Камил» – «Кемел адам» тұжырымдамасы арқылы түсіндіріледі. Бұл термин ең алғаш Ибн Араби еңбектерінде жүйеленіп, кейін түркі сопылық дәстүрінде, әсіресе Қожа Ахмет Ясауи ілімінде кеңінен дамыды. Сопылар үшін кемел адам – бұл Аллаға жақындаған, нәпсісін жеңген, жүрегін тазартып, рухани кемелдікке жеткен адам. Бұл адамның жүрегі «Хақтың айнасы» ретінде қызмет етеді. Яғни, ол тек өзін-өзі ғана емес, бүкіл әлемді тануға қабілетті. Ахмет Ясауи өз хикметтерінде адамның рухани жолы – тариқат, шарифат, мағрифат, ақиқат сатыларынан өтіп, «толық адамға» айналуы керектігін айтады. Бұл – адамның жаратылыс мақсатын терең түсініп, Аллаға шын берілген күйге жетуін білдіреді.

Атақты сопы, кубрауия сопылық бағытының негізін салушы Нәжмуддин Кубра Хиуақи өз рубайларында негізгі идея ретінде – «кемел адамды» тәрбиелеу, адамды құрдымға апаратын нәпсі, дұшпандық, күмән, жала, екіжүзділік, рия, пасықтық сияқты жаман мінез-құлықтан ада болуға, тек қана жақсы істер қылуға, рухани тазалыққа шақырады (Зиёмухаммадов, 2006:199).

Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті, ясауия тариқатының белді өкілі Сүлеймен Бақырғани – Хакім Ата әдеп-ахлақ жайында, адам бойындағы көркем мінез айтып, нафс-и заһир (сыртқы нәпсі) мен нафс-и батинды (ішкі нәпсіні) тәрибиелеуге тоқталады. Кемелдену жолына шақырып хикметтер қалдырған (Зиёмухаммадов, 2006:200). «Кемел адам» мен кемелдік концепциясын түсіну үшін оның хикметтерін практикалық қолднудың маңызы өте зор.

Сопылық поэзия мен ясауия тариқатының тағы бір ірі өкілі Әлішер Науаи өзінің «Хамса», «Махбуб әл-қулуб», «Мәжәлис ән-нәфәис», «Мухакамат әл-луғатайн» еңбектерінде кемелдікке жету жайындағы өз көзқарастарын білдірген. «Кемел адам» образын жаратып, оған жету жолдары жөнінде пікірлерін айтып, танымдық кітаптарында «кемел адамды» қалыптастырудың мазмұны, негіздері, методтары мен методикасын баяндайды (Зиёмухаммадов Б., 2006:201-202).

Тағы да бір танымал сопылық жолдың өкілі Сопы Аллажардың «Сираж әл-ғажизин», «Сабат әл-ғажизин», «Мурад әл-ғарифин», «Махзан әл-мутиғин», «Нәжәт әл-толибин» еңбектерінде де кемелдік пен «кемел адам» концепциясының теориясы мен принциптеріне тоқталады. Ислам дінінің негізгі міндеттері, ақидасын, сопылықтағы кемелденудің практикалық кезеңдерін өлеңмен өрнектеп жеткізеді. Кемелдік идеяларын хикметтер мен хикаялар арқылы баяндайды (Зиёмухаммадов Б., 2006:204).

Қазақ ойшылдары ішінде Абай Құнанбайұлы кемел адам мәселесін ерекше тереңдікпен қарастырды. Ол өз шығармаларында «толық адам» ұғымын дамытты. Абай үшін толық адам — «үш сүю»: Алланы сүю, адамзатты сүю, хақ жолын сүю арқылы жетілетін тұлға. Абайдың кемел адам туралы көзқарастары сопылық пен пәлсапаны біріктіре отырып, ұлттық болмысты терең пайымдаумен ерекшеленеді. Бұл оның шығармашылығының басты өзегі деуге болады. Қазақ даласындағы сопылық дәстүр мен Абай ілімі кемел адам туралы идеяны терең мазмұнмен толықтырып, ұлт руханиятына үлкен үлес қосты.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы адам болмысы мен оның рухани жетілу мәселесін терең философиялық деңгейде көтеруімен ерекшеленеді. Ақын өз еңбектерінде «адам болу» мәселесін өмірлік һәм өркениеттік мұрат ретінде қарастырып, кемел адам идеалын ұсынады. Бұл тұрғыда «толық адам» ұғымы Абай философиясының өзекті өзегіне айналған. Ол – рухани тұрғыдан жетілген, ақыл, жүрек және қайрат үндестігін таба білген кемел тұлға.

М. Мырзахметұлы 1982 жылы жарық көрген «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясында алғаш рет Абай дүниетанымындағы исламдық этика мен мораль философиясы мәселелерін ғылыми тұрғыда талдады. Ғалым атап көрсеткендей, «адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелердің бірі – жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп-жетіліп, яғни толық адам болуы жайлы ойлар». Осы мағынада Абай да өз дәуірінде адам болмысын жетілдірудің рухани-философиялық өлшемдерін айқындауға тырысты.

Абайдың толық адам туралы танымы антикалық философиядағы Сократ, Платон, Плотин еңбектеріндегі адамгершілік идеяларымен, Қытай философиясындағы дао ілімінің «жетілген адам» бейнесімен, шығыс сопылық іліміндегі инсан камил ұғымымен тығыз үндес. Сондай-ақ, ирандық жәуанмәрттік дәстүрімен де идеялық сабақтастық байқалады. Бұл контексте Абайдың «толық адам» концепциясы — адамгершілік дамудың шыңы, рухани ізденістің түпкі нәтижесі ретінде қарастырылады.

Абай кемел адамды – «нұрлы ақыл», «ыстық жүрек» және «хақ жолын тану» сынды рухани ұстанымдардың тұтастығында көреді. Оның ойынша, адам болмысының ең биік мақсаты – рухани толыққанды болу, адамшылықтың ең жоғары сатысына көтерілу. Осы орайда, Абай ұсынған кемел адам концепциясы – тек қазақ руханияты үшін ғана емес, бүкіләлемдік гуманистік ой-сананың бір бөлшегі ретінде маңызды. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Ақын адам бойында болуы тиіс үш

қасиет – «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» арқылы тұлғаның рухани жетілу жолын сипаттайды. Бұл қасиеттердің үйлесімі арқылы Абай «толық адам» моделін ұсынады.

Абайдың «толық адам» ұғымы – адамның интеллектуалдық, эмоциялық және ерік-жігерлік қабілеттерінің үйлесімін білдіретін моральдық-философиялық категория. Бұл модель әділет, рақым, мейірім, ар-ұят, еңбек, талап сынды этикалық ұстанымдармен тікелей байланысты. Абай поэзиясында да, қарасөздерінде де бұл ұстанымдарды мораль философиясының өзегі ретінде ұсынады.

Ақын үшін ақыл – дүниетанудың негізгі құралы. Ғылым мен білімді жоғары бағалай отырып, ол таным мен түсініктің негізі – ақыл деп біледі. Бұл түсінік оның ағартушылық қызметімен де тығыз байланыста.

М. Әуезов Абайдың мораль философиясын зерттеуде бұл ұғымды «нравственная личность» және «гармоническая личность» деген терминдермен сипаттайды. Ғалым Абайдың қарасөздерінде кездесетін идеяларды еуропалық философиялық категориялар арқылы интерпретациялап, оны кеңестік идеологиялық шектеулер жағдайында ғылыми айналымға енгізді. Мысалы, «Он жетінші сөзде» Абайдың толық адамға тән қасиеттерді сипаттауы көне мораль философиясымен үндеседі. Әуезов осы ойларды көркем проза арқылы да жеткізуге тырысып, «Абай жолы» роман-эпопеясында бұл идеяны Бөжей мен Құнанбай арасындағы күрес және жас Абайдың рухани ізденістері арқылы көркемдік бейнеде ұсынады.

Абайдың толық адам ұғымы мұсылман шығысының рухани дәстүрімен, әсіресе сопылықтағы камили инсани түсінігімен идеялық тұрғыда үндес. XI–XII ғасырларда қалыптасқан сопылық адамтану жүйесінде кемел адам – рухани тазалық пен этикалық мінсіздікке жеткен тұлға ретінде сипатталады. Бұл идея Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында да кеңінен көрініс тапқан. Абай осы дәстүрді жаңғырта отырып, оны қазақ даласының рухани-мәдени контекстінде жаңаша дамытты. Ол сопылықтағы «ар ілімі» мен гуманистік дүниетанымды тоғыстырып, толық адам ұғымын ұлттық философиялық жүйеге айналдырды (Қажыбай, 2020).

Абайдың толық адам туралы тұжырымдамасы – қазақ философиялық ойының биік жетістігі. Бұл идея сопылық дүниетаныммен, гуманистік мораль философиясымен сабақтаса отырып, қазақ руханиятының этикалық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. М. Әуезовтің бұл ұғымды көркем және ғылыми деңгейде дамытуы Абай мұрасын терең түсінуге ықпал етті. Толық адам идеясы бүгінгі рухани-адамгершілік тәрбие жүйесінде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Пәлсапа мен сопылықта кемелдік пен кемел адам тұжырымдамасы — адамның өз табиғатын, рухани мәнін түсіну жолындағы маңызды ұғым. Бұл тұжырымдама тек діни немесе философиялық ұғым ғана емес, адам өмірінің мақсатын айқындайтын рухани бағдар.

Қорытынды

Қазіргі заманғы философтар мен дінтанушылар «кемел адам» ұғымын жаһандық мәселелерді шешу құралы ретінде қарастырады. Адамзаттың технологиялық дамуымен қатар, рухани құндылықтарды сақтау қажеттілігі артып келеді. Бұл тұрғыда сопылықтағы рухани кемелденудің – «кемел адам» болудың практикалық тұстары мен пәлсапалық теориялық білімнің алар маңызы артып отыр.

Пәлсапа мен сопылықтағы кемелдік мәселесі – адамның интеллектуалды және рухани дамуының негізін құрайтын терең тақырып. «Кемел адам» ұғымы адамзаттың моральдық және рухани жетілуге ұмтылысын көрсетеді. Бұл идеяның өзектілігі уақыт өткен сайын арта түсуде, себебі ол адамзаттың табиғи үйлесімділігі мен бейбіт өмір сүруіне ықпал етеді. Пәлсапалық және сопылық дәстүрлерде кемелдік мәселесі әртүрлі аспектілерде қарастырылғанымен, олардың түпкі мақсаты ортақ – адамның өзін-өзі жетілдіруі, жоғары рухани деңгейге көтерілуі және ізгілікке негізделген қоғам қалыптастыру. Бұл ұғым бүгінгі

күнде де өзектілігін жоғалтпай, адамзаттың рухани дамуы мен моральдық құндылықтарын түсінуде маңызды рөл атқарады.

Алдағы уақытта кемелдік пен «кемел адам» тұжырымының сопылық дәстүрдегі практикасын зертеу, зерделеудің қажеттілігі арта береді. Осы тұрғыдан алғанда аталған тұжырымдардың тек теориялық тұсымен шектеліп қалмай, практикасының, сопылық тариқаттардағы кемелдену принциптерін, «кемел адам» идеясын ғылыми тұрғыдан зерттеп, оны ғылыми-теориялық негіздеу күн тәртібіндегі негізгі проблемалардың біріне айналып келе жатыр.

Болашақта аталған тақырыптар бойынша зерттеулер мен ғылыми мақалалар жазылуына біздің мақаламыз негізгі себеп болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

McElroy, 2021 – *McElroy LM, Kirk AD. Eudaimonia: An Aristotelian approach to transplantation* // *American Journal of Transplantation*. 2021. №21. P. 2014-2017.

Ikaz.info – Ежелгі антикалық философия туралы. (Электрондық ресурс) URL: <https://ikaz.info/ezhelgi-antikaly-filosofiya-turaly/> (Қаралды: 23.05.2025)

Букурова, 2021 – *Букурова А. Концепция ценностей А. Маслоу и возможности ее применения* // *Интеллект. Инновации. Инвестиции*. №1(2021). С. 97-106.

Whitehead, 1979 – *Whitehead, Alfred North. Process and Reality: An Essay in Cosmology*. Corrected Edition, David Ray Griffin and Donald W. Sherburne. New York: Free Press, 1979. 413 p.

Дүйсен, 2023 – *Дүйсен Н., Есім Ф., Кавус С., Турсынбаева А. Фәлсафа — мұсылман мәдениетінің туындысы* // *Вестник Карагандинского университета*. 2023. Серия «История. Философия». № 1(109). С. 250-256.

Зиёмухаммадов, 2006 – *Зиёмухаммадов Б. Комиликка элтувчи китоб. Тошкент: «TURON-IQBOL» нашриёти*, 2006. – 350 б.

Беруний, 1968 – *Абу Райхон Беруний. Танланган асарлар, I жилд. Тошкент: Фан, 1968. 458 б.*

Ибн Сино, 1963 – *Ибн Сино. Фалсафий қиссалар. Т: Бадий адабиёт нашриёти. 1963. 15 б.*

Омар Хайям, 1961 – *Омар Хайям. Трактаты. М.: Восточная литература, 1961. 334 с.*

Қажыбай, 2020 – *Қажыбай А. «Толық адам» тағылымы. (Электрондық ресурс) URL: https://egemen.kz/article/254633-tolyq-adam-taghylymy (Қаралды: 23.05.2025)*

References:

Bukurova, 2021 – *Bukurova A. Kontseptsiya tsennostey A. Maslou i vozmozhnosti yeye primeneniya (Maslow's concept of values and its potential applications)* // *Intelлект. Innovatsii. Investitsii*. №1. 2021. P. 97–106. (in Rus.).

Düysen, 2023 – *Düysen N., Yesim G., Kavus S., Tursynbaeva A. Falsafa — musulman madeniyetining tuyndysy (Philosophy as a product of Muslim culture)* // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Ser.: Istoriya. Filosofiya*. 2023. №1(109). P. 250–256. (in Kaz.).

Ibn Sina, 1963 – *Ibn Sina. Falsafiy qissalar (Philosophical narratives)*. Tashkent: Badiiy adabiyot nashriyoti, 1963. 15 p. (in Uzb.).

Ikaz.info – *Ezhelgi antikalyk filosofiya turaly (Ancient Greek philosophy)*. (Electronic resource) URL: <https://ikaz.info/ezhelgi-antikaly-filosofiya-turaly/> (accessed 23.05.2025). (in Kaz.).

Kazhibai, 2020 – *Kazhibai A. “Tolyq adam” tagylymy (Teachings of the “Perfect Man”)*. (Electronic resource) URL: <https://egemen.kz/article/254633-tolyq-adam-taghylymy> (accessed 23.05.2025). (in Kaz.).

McElroy, 2021 – *McElroy L.M., Kirk A.D. Eudaimonia: An Aristotelian approach to transplantation* // *American Journal of Transplantation*. 2021. Vol. 21. P. 2014–2017. (in Eng.).

Omar Khayyam, 1961 – *Omar Khayyam. Traktaty (Treatises)*. Moscow: Vostochnaya literatura, 1961. 334 p. (in Rus.).

Whitehead, 1979 – *Whitehead A.N. Process and Reality: An Essay in Cosmology*. Corrected edition by David Ray Griffin and Donald W. Sherburne. New York: Free Press, 1979. 413 p. (in Eng.).

Ziyomukhammadov, 2006 – *Ziyomukhammadov B. Komilikka eltuvchi kitob (The book leading to perfection)*. Tashkent: TURON-IQBOL, 2006. 350 p. (in Uzb.).

Beruniy, 1968 – *Beruniy A.R. Tanlangan asarlar, I jild (Selected works, vol. I)*. Tashkent: Fan, 1968. 458 p. (in Uzb.).

Касымкан К.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: qqasymhan@gmail.com

СОВЕРШЕНСТВО В ФИЛОСОФИИ И СУФИЗМЕ: ТИПОЛОГИЧЕСКИЕ ЧЕРТЫ, ОБЩИЕ МОТИВЫ И КОНЦЕПЦИЯ СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА

Аннотация. В статье рассматривается феномен совершенства в философских и суфийских учениях, его типологические особенности и общие мотивы. Новизна исследования заключается в сравнительном анализе концепции «совершенного человека» в философских и мистических традициях, отражающих сущность человека и его духовное развитие. Цель статьи — выявить историко-духовную преемственность, различия и перекрестные влияния между представлениями о совершенстве в классическом исламском суфизме и мировых философских школах. К задачам исследования относится изучение типологических характеристик и общих мотивов концепции «совершенного человека» в философии и суфизме, а также определение её места в системе современных духовно-нравственных ценностей. В статье проводится сопоставление концепции «инсан камиль» в суфийской традиции с моделью идеального человека в философской антропологии на основе таких категорий, как духовный опыт, самопознание, этическое совершенство и онтологическое развитие. В процессе исследования применялись методы содержательно-типологического, герменевтического и сравнительного анализа. В результате показана значимость и философская глубина идеи совершенного человека в суфизме и философии как основы формирования универсальных духовно-нравственных ценностей.

Ключевые слова: совершенный человек, инсан камиль, суфизм, философия, идеал, типология

Kasymkan K.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

E-mail: qqasymhan@gmail.com

PERFECTION IN PHILOSOPHY AND SUFISM: TYPOLOGICAL FEATURES, COMMON MOTIVES AND THE CONCEPT OF THE PERFECT MAN

Abstract. The article explores the phenomenon of perfection in philosophical and Sufi teachings, focusing on its typological features and shared motifs. The novelty of the study lies in the comparative analysis of the "Perfect Human" concept in philosophical and mystical traditions, reflecting on human nature and spiritual development. The aim of the article is to reveal the historical and spiritual continuity, distinctions, and convergences between the understanding of perfection in classical Islamic

Sufism and various global philosophical schools. The objectives of the study include examining the typological characteristics and common motifs of the "Perfect Human" concept in both philosophy and Sufism, as well as determining its place in the system of contemporary spiritual and moral values. The article compares the Sufi concept of insan kamil with the model of the ideal human in philosophical anthropology through categories such as spiritual experience, self-knowledge, ethical integrity, and ontological development. The study employs content-typological, hermeneutic, and comparative analysis methods. As a result, the article reveals the significance and philosophical depth of the idea of the perfect human in both Sufism and philosophy as a foundation for universal spiritual and moral values.

Keywords: Perfect Human, Insan Kamil, Sufism, Philosophy, Ideal, Typology

Автор туралы мәлімет:

Қасымқан Құрманбек, «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бойынша кітапхана-музей бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты. Алматы, Қазақстан.

Информация об авторе:

Қурманбек Касымхан, младший научный сотрудник отдела библиотечно-музейной работы по редким книгам, рукописям и национальной литературе Центральной научной библиотеки РГП «Ғылым ордасы», PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about author:

Kurmanbek Kasymkhan, Junior Researcher at the Library-Museum Department for Rare Books, Manuscripts and National Literature of the Central Scientific Library, "Gylym Ordasy" RSE; PhD Doctoral Student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.